munailymeken.kz

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ корпоративтік басылымы

# Munaily meken

Газет 2005 жылдың
29 желтоқсанынан
шыға бастады

№ 01-02
Qańtar-aqpan
2022 jyl



# АЛМАҚТЫҢ САЛМАҒЫ БАР

## Кредит алған кезде нені ескеру қажет?

### ҚазМұнайГазда бірқатар тағайындау болды

2

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының екі жаңа орынбасары тағайындалды. Сонымен қатар «ҚазТрансОйл» АҚ-да жаңа басшы.

### Еңбек қауіпсіздігі – барлық ұжымның жауапкершілігі

3

Компания кәсіпорындарында еңбек қауіпсіздігінің қатаң сақталуы, қауіп-қатерді болдырмау, тиімді еңбек етуге бағытталған іс-шаралар үнемі қолға алынып келеді.

### Курс на расширение

4

На месторождении Акшабулак в конце 2021 года введена в эксплуатацию и успешно функционирует вторая очередь расширения блочно-кустовой насосной станции.

### ҚМГ тобының 2021 жылғы өндірістік көрсеткіштері

5

Биыл «ҚазМұнайГаз» компаниялар тобы 21 651 мың тонна мұнай және газ өндірді.

# Алик Айдарбаев Chevron және ЛУКОЙЛ басшыларымен кездесті

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Алик Айдарбаев Қазақстанға жұмыс сапарымен келген Chevron корпорациясының атқарушы вице-президенті Джеймс Джонсонмен және «ЛУКОЙЛ» ЖАҚ президенті Вагит Алекперовмен кездесті.**

Chevron корпорациясының атқарушы вице-президентімен кездесуде екі жақты ынтымақтастық, соның ішінде Теңіз кен орнындағы Болашақ кеңейту жобасының іске асырылуы және Қарашығанақ жобасының бұдан әрі дамыту мәселелері талқыланды.





Ал «ЛУКОЙЛ» басшысымен кездесуде компания басшылары Жеңіс пен Әл-Фараби – Каспий теңізінің акваториясындағы жаңа өндіру жобаларын игеру жоспарлары, сондай-ақ «Қаламқас-теңіз бен Хазар» жобасы бойынша бірлескен жұмыстың шарттары жөнінде пікір алмасты.

«ҚазМұнайГаз» және ЛУКОЙЛ Қазақстан Республикасының аумағында кейбір учаскелердің көмірсутек әлеуетін бағалау мақсатында жер қойнауын бірлесіп зерттеу туралы келісімі аясында стратегиялық серіктес болып табылады.

Тағайындау



**Құрманғазы ЕСҚАЗИЕВ** «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының барлау және өндіру жөніндегі орынбасары болып тағайындалды.

Ол операциялық активтерде мұнай мен газ өндіру, кәсіпорындардың тиімділігін арттыру мен одан әрі дамыту, ҚМГ-ның ресурстық базасын кеңейту және кен орындарды рационалды игеру мәселелеріне басшылық етеді.

Еңбек жолын 1985 жылы «Эмбанефть» өндірістік бірлестігінде оператор-коллектор болып бастаған Қ. Есқазиев әр жылдары «ҚазМұнайГаз» компаниялар тобында түрлі басшылық қызметтер атқарды. Атап айтқанда, «Ембімұнайгаз» АҚ және «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ бас директоры болды.

2020 жылдан бастап осы уақытқа дейін – «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ бас директоры (Басқарма төрағасы).



**Мұрат МҰНБАЕВ** «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының ірі мұнай-газ жобалары жөніндегі орынбасары болып тағайындалды.

Ол Ұлттық компанияның ірі жобаларға (Теңіз, Қашаған, Қарашығанақ) қатысуына жетекшілік етеді.

Ол әр жылдары «Chevron» корпорациясының бас сарапшысы, атқарушы вице-президентінің кеңесшісі, «Теңізшевройл» және «Chevron» компанияларында түрлі қызметтер атқарды.

2020 жылдың қазанынан 2021 жылдың қыркүйегіне дейін Shell Kazakhstan компаниясының стратегиялық даму және активтер портфелі жөніндегі бас менеджері лауазымында болды.



**Талғат ҚҰРМАНБАЕВ** «ҚазТрансОйл» АҚ бас директоры (Басқарма төрағасы) болып сайланды.

Еңбек жолын 2000 жылы «Мұнай-Транско» БК ЖАҚ менеджері болып бастаған Талғат Құрманбаев 2002 жылдан 2005 жылға дейін «ҚазТрансОйл» АҚ тасымалдау департаментінде қызмет атқарды. 2007 жылдан 2009 жылға дейін «ҚазТрансОйл» АҚ тасымалдау жөніндегі атқарушы директоры болды.

Ол «ҚазТрансОйл» АҚ-ға басшы болып тағайындалғанға дейін 2020 жылдан бері Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің мұнай өнеркәсібін дамыту департаменті директорының орынбасары қызметін атқарған.

# Қаражанбаста 58 миллионыншы тонна мұнай өндірілді

**19 ақпан күні Қаражанбас кен орнында 58 миллионыншы тонна мұнай өндірілді. Мұнайшылар кезекті миллионыншы көрсеткішке 168 тәулікте қол жеткізілді.**

Осынау маңызды оқиға геологиялық-техникалық іс-шаралар бағдарламасын табысты жүзеге асыру мен мұнай өндіруді арттырудың жаңа технологияларын енгізу және ұжымның қажырлы еңбегінің нәтижесі. Соның арқасында соңғы 20 жыл ішінде жыл сайынғы мұнай өндіру көлемі екі миллион тоннадан асады.

«2020 жылы қыркүйек айының басында Қаражанбаста 55 миллион тонна мұнай өндірілген еді. Ал енді 58 миллионыншы тоннаға қол жеткіздік. Ұжым командамен жұмыс істеу шеберлігін тағы да дәлелдеді және кездескен кедергілерге қарамастан мақсаттарға жетіп отырмыз. Өндірілген 58 миллион тонна мұнайдың артында мыңдаған адамның еңбегі жатыр», – деді игеру бөлімінің басшысы Владимир Турков.

Болашақта мұнай өндіру коэффициентін арттыру үшін стационарлық емес және полимерлі су басуды қолдану тиімділігі зерттеледі. Осындай технологияларды қолданудағы әлемдік тәжірибедегі зерттеу жұмыстары аяқталғаннан кейін сынақ жұмыстары белгіленеді. Бұл кен орны болашағының зор екендігінің айқын дәлелі.



# Еңбек қауіпсіздігі – барлық ұжымның жауапкершілігі

Еңбек қауіпсіздігі мен өндірісте жарақат алу көрсеткішін төмендету – ҚазМұнайГаз алдындағы негізгі міндеттің бірі. Бұл ұдайы айтылып келе жатқан бұлжымас талап. Қабылданған шаралардың нәтижесінде 2016-2020 жылдар ішінде Компанияда адам өліміне әкелген жазатайым жағдай коэффиценті 35 пайызға төмендеген. Алайда 2021 жылдың шілде айында Румыниядағы «Petromidia» мұнай өңдеу зауытында жарылыс болып, салдарынан 3 қызметкеріміз көз жұмды. 2020 жылы ұйымда жұмыскерлердің өлім жағдайына алып келген бірде-бір оқиға тіркелмегенін ескерсек, бұл қауіпсіздікке тағы да ерекше назар аудару қажеттілігін аңғартады.

Еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік үнемі ыждағаттылықты қажет ететін бағыт. Бұл бағытты ылғи жетілдіріп, дамытып және әр адамның жұмысқа, өзінің және әріптестерінің өмірі мен денсаулығына үлкен жауапкершілікпен қарау түсінігін молайтып отыру шарт.

Өткен жылы компанияда 28 жазатайым оқиға болып, одан 32 жұмыскер зардап шеккен.

Сонымен қатар өткен жылы жол-көлік оқиғасының саны да өскен. Салыстырып айтсақ, 2020 жылы 15 көлік апаты болса, бұл 2021 жылы 22 оқиға болып тіркелген. Өртті алдын алу және болдырмау жағдайларына ерекше назар аудару қажет. Өйткені бір жыл ішінде 6 өрт жағдайы тіркелді, оның 3-еуінің ауқымы үлкен және адам өліміне алып келді.

Ұйымда болған жазатайым оқиғалар бойынша талдау жүргізген мамандардың айтуынша, қайғылы жағдайлардың жартысынан астамы зардап шегуші адамның өз салғырттығынан орын алған. Әрине бұл барлық жауапкершілікті бір адамға жаба салу деген мәселе емес. Оның үстіне жазатайым оқиғаның себебі мен салдарын анықтау барысында мамандар тағы бір жайттың бетін ашты. Қайғылы оқиғалардың тіркелуіне жұмыс орындарындағы басшылардың немқұрайлығы, олардың жауапкершілігінің төмендігі сияқты факторлар да өзінің әсерін тигізген. Жалпы бұл жерде айтқымыз келгені, еңбек және өндірістік қауіпсіздік – ол барлық ұжымның жауапкершілігі.

Жалпы, «ҚазМұнайГаз» компаниялар тобында 2021 жылғы еңбек қауіпсіздігі бойынша жасалған қорытынды есептік мәліметтерге қарағанда, соңғы 6 жылда өндірісте жарақат алу, жол-көлік оқиғасы және өрт бойынша коэффициент айтарлықтай төмендеген. Мәселен, жарақат алу коэффициенті 47 пайызға (2016 жылы 92-ден 2021 жылы 32-ге дейін), ал жол-көлік оқиғасы 46 пайызға (2016 жылы 68-ден 2021 жылы 22-ге дейін), өрт 50 пайызға (2016 жылы 12-ден 2021 жылы 6-ға дейін) төмендеген (толығырақ инфографикада). Бұл деректер әлемнің алпауыт мұнай компаниялары кіретін Халықаралық мұнайгаз өндірушілер қауымдастығының орташа көрсеткіштерімен салыстырып беріліп отыр. Алайда бұл мәліметке қарап, арқаны кеңге салуға болмайды.

Негізі компанияда болған кез келген жазатайым оқиға мұндай келеңсіз жағдайдың екінші рет қайталанбауы үшін ұйымның басқаша әрекет жасауына түрткі болып келеді. Нақтылап айтсақ, «ҚазМұнайГаз» компаниялар тобындағы еңбек, қоршаған ортаны қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік салаларындағы менеджент жүйесін кеңейту жұмыстары жалғасуда.

Өмірлік маңызы бар IOGP (Life-Saving Rules) ережесі әзірленіп енгізілмек. Сонымен қатар компания «Vision Zero» жарақат алудың нөлдік концепциясына қосылмақ. Бұдан басқа да түрлі маңызды жобалар қолға алынуда. Ол бастамалардың басты мақсаты - компания жұмысының қауіпсіздігі, жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығына кепіл болу.

Өткен жылдың соңында ҚМГ компаниялар тобының өндіріс ошақтарында өртке қарсы қауіпсіздікті арттыруға арналған Кешенді жоспар бекітілді. Бұл құжат Ұлттық компанияға қарасты өндіріс нысандарында өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша түрлі мерзімдегі іс-шараларды қамтиды. Басты мақсат – өндіріс орындарында өрт болдырмау мен оның алдын алу, өртке қарсы талаптардың сақталуына бақылауды күшейту, өрт болған жағдайда оны сөндіру бойынша шұғыл әрекет ету дайындығын арттыру.

Компанияда жолда болатын көлік оқиғалардың алдын алу үшін «Жол жүруді басқару» жобасы қолға алынуда. Халықаралық озық тәжірибелерге сай әзірленген пилоттық жоба «Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамында іске асырылған. Оның екінші кезеңі 2022 жылдың бірінші тоқсанына жоспарланып отыр.

Сондай-ақ осы жылы көлік апаттары санын төмендету, көліктің техникалық жағдайын жақсарту, жоспарлау мен есепке алудың ақылды жүйесін жасау, жанар-жағармайды мақсатты әрі тиімді пайдалану үшін «Жол жүруді басқару» жобасының ауқымы кеңейтілмек.

Бұған қоса биыл ROSPA және OPITO халықаралық сертификаты бойынша жүргізушілерді оқыту, тренер дайындау жобасы басталмақ.

«ҚазМұнайГаз» өндірістерінде адамның өмірі мен денсаулығы үнемі бірінші орында. Өнім өндіру мен өңдеуден бұрын, ең алдымен адам өмірі мен денсаулығы аса қымбат екендігі белгілі. Өндірістік жарақат алу, жұмыс барысында қаза табу жағдайлары дендеп тұрған заманда «ҚазМұнайГаз»-ға қарасты барлық кәсіпорын басшылығы ел мен әлемде болып жатқан өндірістік оқиғаларды назарда ұстап келеді. Әрбір оқиғадан сабақ алуға тырысуда.

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясына қарасты кәсіпорындардың жұмыскерлері тарапынан еңбек қауіпсіздігінің қатаң сақталуы, қауіп-қатерді болдырмау, тиімді еңбек етуге бағытталған іс-шаралар үнемі қолға алынып келеді. M

## Соңғы 6 жылдағы еңбекті қорғау мен өндірістік қауіпсіздіктің нәтижелері




# 36% работников «Казгермунай» прошли ревакцинацию

Кампания по ревакцинации персонала в ТОО «СП «Казгермунай» стартовала в середине января. С этой целью 28 января, 3 и 4 февраля на месторождения предприятия был организован выезд представителей Кызылординского областного управления здравоохранения, которые рассказали о необходимости и преимуществах ревакцинации и ответили на вопросы коллектива. Аналогичная разъяснительная работа в онлайн формате была проведена 11 февраля для работников офиса и представительств Алматы и Нур-Султане.

Для работников, проживающих в Кызылорде, ревакцинация организована в клинике Интертич. Для иногородних работников ревакцинация проводится через сеть клиник Медикер. Благодаря этому, а также постоянно проводимой агитации, в ТОО «СП «Казгермунай» ревакцинировано уже 36% сотрудников.

К сожалению, особо заразный штамм коронавирусной инфекции «омикрон» проник и в компанию. С начала года в товариществе было выявлено 25 случаев заражения КВИ. Таким образом, процент работников, имеющих противопоказания к ревакцинации, вырос до 5%.

Отметим, что количество вакцинированных работников в «Казгермунай» в 2021 году составило 98%, и в компании был достигнут коллективный иммунитет. Благодаря проведенной масштабной работе все заболевшие работники перенесли инфекцию легко и, пройдя амбулаторное лечение, вернулись к исполнению трудовых обязательств. M



# Курс на расширение

**На месторождении Акшабулак в конце 2021 года введена в эксплуатацию и успешно функционирует вторая очередь расширения блочно-кустовой насосной станции. Подобная станция или коротко БКНС является одним из значимых производственных объектов в технологической цепочке разработки зрелых месторождений, к которым относятся месторождения ТОО «СП «Казгермунай». В следующем году компании исполнится тридцать лет. В настоящий момент ее месторождения уже прошли II стадию разработки, которая характеризуется максимальным уровнем добычи и невысоким уровнем обводнённости скважин.**

БКНС представляет собой комплекс технологического оборудования необходимый для подготовки, транспортировки, закачки рабочего агента в пласт с целью поддержания пластового давления и достижения максимальных показателей отбора нефти из пласта.

БКНС на месторождении Акшабулак была построена и введена в эксплуатацию в апреле 2004 года. К тому моменту предприятие суммарно добыло уже 5 млн тонн нефти. В 2009 году начала работу БКНС на месторождении Нуралы. Таким образом, общая мощность станции была достигнута в 11,0 тыс. м3/сут., а общая накопленная добыча нефти превысила показатель в 15 млн тонн.

Первоначально в смене цеха поддержания пластового давления работало по два оператора. На промысле тогда не было пластовой воды, использовалась только артезианская, электроснабжение было слабым, так как шло от месторождения Кумколь. В случае перебоев в его подаче операторы ЦППД выезжали на скважины, чтобы оперативно устранять неполадки в водоснабжении. Управление насосами тогда было через цех подготовки перекачки нефти. Но благодаря руководителям станции, операторы ППД прошли специальное обучение на ЦППН, и блочно-кустовая насосная станция стала независимым самостоятельным производственным объектом с общей штатной численностью 31 человек.

В период с 2012 по 2014 годы, когда ежегодный уровень добычи нефти в «Казгермунай» достиг своих максимальных показателей и составлял до 3,1 млн тонн в год, велась активная работа по расширению БКНС. Коллектив цеха поддержания пластового давления вместе с отделом главного механика предприятия самостоятельно спроектировали и подобрали для эксплуатации в агрессивной среде (пластовая вода) три насоса по стандарту API 610, которые по этому проекту и специальному заказу из дуплексной стали были изготовлены на заводе «Sulzer» («Зульцер») в Англии. И, нужно отметить, что эти три насоса исправно работают и по сей день.

В 2016 году проект по расширению БКНС был реализован и на месторождении Нуралы. В его рамках было подобрано два высоконапорных насоса по стандарту API 610, которые с полным циклом технологической обвязки и машинным залом (ангар) изготовили по специальному заказу из дуплексной стали на заводе «General Electric» в США. Это позволило БКНС Нуралы достичь мощности 6,0 тыс. м3/сут.

В 2018 году в рамках проекта «Интеллектуальное месторождение» в компании началось внедрение автоматизации и цифровизации. Этот процесс затронул и блочно-кустовую насосную станцию. Для данного объекта основными задачами были определены оперативный контроль технологических параметров и управление устройствами их запуска, штатного и аварийного отключений давления и обеспечения персонала оперативной и достоверной информацией, а также учет расхода пластовой и артезианской воды. Системы управления БКНС построены на базе контроллеров SIEMENS S7-400. С помощью полевого оборудования (датчики давления, температуры, вибрации, положения), электрических исполнительных механизмов (задвижки), установленных программ и технологических установок, осуществляется контроль и управление насосными агрегатами. Учет воды по каждой нагнетательной скважине осуществляется электромагнитными расходомерами. Внедрение системы автоматизации на ЦППД позволило оптимизировать работу насосного агрегата и тем самым сэкономить электроэнергию, а также предоставило возможность операторам ППД и диспетчерской службы управлять, и осуществлять постоянный мониторинг нагнетательных скважин и насосных агрегатов. Это, в свою очередь, создало условия для своевременного выявления рисков и предотвращения аварий и поломки оборудования.

В 2019 году с целью охвата большего количества участков для ППД и последующей интенсификации добычи нефти в «Казгермунай» началась работа над проектом вторичного расширения БКНС. В его рамках были предусмотрены: монтаж нового здания для установки проектируемого насоса на БКНС на месторождении Акшабулак, установка одного многоступенчатого высоконапорного (15 МПа) насоса Sulzer для нагнетания артезианской или пластовой воды, технологическая обвязка насоса с подключением к существующей системе, блочно-модульное здание, опоры трубопроводов БКНС, электрообогрев технологических трубопроводов.



На сегодняшний день проектная мощность БКНС – 18 тыс. м³/сут., нагнетательных скважин – 11 единиц, дополнительно смонтирована коллекторная линия Ø200-2860 метров, ВПР юг-3 (водораспределительный пункт), фильтровальные установки УФ-80-16.

Производственно-техническим отделом проводится целый комплекс мер по улучшению технологии подготовки пластовой и артезианской воды, ведется постоянный мониторинг подавления роста бактерий в пласте. В сточную воду, закачиваемую в пласт, добавляется химический реагент бактерицид, предназначенный для борьбы с аэробными и сульфатредуцирующими бактериями. Также осуществляется ингибирование с целью снижения фоновой скорости коррозии рабочей среды и снижения агрессивного воздействия на технологическое оборудование и трубопроводы системы поддержания пластового давления.

Самое главное, успешный ввод в эксплуатацию вторичной очереди расширения БКНС позволяет «Казгермунай» избежать резкого падения уровня добычи нефти, а значит, продлить жизнь самой компании и сохранить рабочие места для сотен людей.

Әлем жаңалықтары

## АҚШ-та бензин бағасы рекордтық көрсеткіште қымбаттауда



Бірнеше жылдан бері болмаған өсім негізінен елдің батыс штаттарында байқалады. Мәселен, Сан-Диегодағы шамамен 4 литр бензиннің бағасы 5 долларға дейін жеткен. Бұл қала тарихында болмаған рекордтық көрсеткіш дейді мамандар.

Олардың айтуынша бағаның бұлай шарықтауына әлемдегі шиеленісті жағдайлар мен 40 жылда болмаған жоғары инфляция да әсер етуде. Осыған байланысты нарықтағы баға тұрақталғанша бензинге салынатын салықты уақытша тоқтату керек деген пікірлер де айтылып жатыр. Ал сала мамандарының айтуынша, жанармай құю бекеттеріндегі баға алдағы күндері бұдан да жоғары өсуі мүмкін.

## ОПЕК+ Иранға мұнай өндіруді қысқару бойынша міндеттемесін қайтармақ



ОПЕК+ Иранға мұнай өндіруді қысқару бойынша міндеттемесін қайтаруға ниетті. Бұл егер Иранға салынған АҚШ санкциясы алынған жағдайда мүмкін болады.

Мұнай өндіруді қысқарту туралы келісімге ОПЕК елдері және бірлестікке кірмейтін елдер кіреді. Бұл ретте Иран аталған ұйымның мүшесі, бірақ ол ел өндірісті қысқарту жөніндегі міндеттемелерден босатылған. Себебі Иранға АҚШ санкциялар салған. Соңғы кездері жүргізіліп жатқан келіссөз нәтижесінде Америка Иран экспортына қатысты санкцияларын алып тастауы мүмкін. Бұл өз кезегінде көлемі тәулігіне 1,3 млн баррель. Иран мұнайының нарыққа шығуына және әлемдегі мұнай тапшылығының айтарлықтай төмендеуіне алып келеді. Сонымен қатар Иран мұнайының әлем нарығына шығуы өндіру бойынша мақсатты көрсеткіштердегі олқылықтардың орнын толтырады.

## Әзербайжанда газ экспорты 4,5 есеге өсті



Әзербайжанда өткен жылы сұйытылған табиғи газ экспорты 4,5 есеге өскен.

Баку 2021 жылы 69 268,1 тонна сұйытылған газ экспорттаған, бұл 2020 жылдың көрсеткішімен салыстырғанда 1,7 есеге көп. Сонымен қатар Әзербайжан сұйытылған газды шетелге сатудан 22 748,8 доллар табыс тапқан. Бұл өткен кезеңдегі көрсеткіштен 4,5 есеге көп, деп хабарлайды Прайм.

Айта кетсек, Әзербайжан 2020 жылы 40 253,7 тонна сұйытылған газды экспорттаған. Ол 2019 жылмен салыстырғанда 23,9 пайызға төмен.

# «ҚазМұнайГаз» компаниялар тобы
# 2021 жылдағы өндірістік жұмысын қорытындылады

## БАСТЫ ӨНДІРІСТІК КӨРСЕТКІШТЕР

- Мұнай және газ конденсатын өндіру көлемі 2020 жылғы 21 752 мың тоннамен салыстырғанда 21 651 мың тоннаны құрады;
- Мұнай тасымалдау көлемі 1,9%-ға ұлғайып, 74 565 мың тоннаны құрады;
- Қазақстандық және румын мұнай өңдеу зауыттарында көмірсутек шикізатын өңдеу көлемі 4,2%-ға өсіп, 18 833 мың тоннаны құрады.

| | 2021 (ҚМГ үлесіне) | 2020 (ҚМГ үлесіне) | % |
|---|---|---|---|
| **Мұнай өндіру,** мың тонна | 21 651 | 21 752 | -0,5% |
| **Газ өндіру,** млн м³ | 8 081 | 8 191 | -1,4% |
| **Мұнай тасымалдау,** мың тонна | 74 565 | 73 171 | 1,9% |
| **Газ тасымалдау*,** млн м³ | 81 851 | 86 590 | -5,5% |
| **Мұнай өңдеу,** мың тонна | 18 833 | 18 077 | 4,2% |

** Газ тасымалдау, сондай-ақ «Амангелді Газ» кәсіпорнындағы газ және конденсат өндіру жөніндегі 2021 жылғы деректер «ҚазТрансГаз» АҚ («QazaqGaz» ҰК АҚ) акцияларының 100%-ы 2021 жылғы 9 қарашада «Самұрық-Қазына» АҚ пайдасына берілуіне байланысты 1 қаңтардан 8 қарашаға дейінгі кезеңдегі көлемді ескереді.*

### Мұнай мен конденсат өндіру
мың тонна

| | 2021 (ҚМГ үлесіне) | 2020 (ҚМГ үлесіне) | % |
|---|---|---|---|
| Өзенмұнайгаз | 5 332 | 5 347 | -0,3% |
| Маңғыстаумұнайгаз | 2 944 | 2 977 | -1,1% |
| Ембімұнайгаз | 2 522 | 2 601 | -3,0% |
| Теңіз | 5 311 | 5 292 | 0,4% |
| Қашаған | 1 344 | 1 253 | 7,2% |
| Қарашығанақ | 1 034 | 1 094 | -5,5% |
| Өзгелері | 3 165 | 3 188 | -0,7% |
| **Жиыны** | **21 651** | **21 752** | **-0,5%** |

### Көмірсутек шикізатын өңдеу
мың тонна

| | 2021 (ҚМГ үлесіне) | 2020 (ҚМГ үлесіне) | % |
|---|---|---|---|
| АМӨЗ | 5 473 | 5 016 | 9,1% |
| ПМХЗ | 5 407 | 5 004 | 8,1% |
| ПҚОП* | 2 582 | 2 397 | 7,7% |
| Caspi Bitum | 464 | 433 | 7,3% |
| Петромидия | 4 586 | 4 864 | -5,7% |
| Вега | 321 | 364 | -11,8% |
| **Жиыны** | **18 833** | **18 077** | **4,2%** |

**ПҚОП өңдеу көлемі 50% үлесінде көрсетілген*

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Алик Айдарбаев**

*«2021 жылы біз өз даму стратегиямызды жандандырдық. Компанияның дәстүрлі қызметімен қатар стратегиялық мақсаттар арасында тұрақты дамуға ерекше ден қойылуда. Есепті жылда Төменкөміртекті дамыту бағдарламасы бекітілді. Бұл құжат көмірсутек ізін азайтудың ағымдағы мүмкіндіктерін, сондай-ақ көміртексіздендіру үшін қосымша қызмет бағыттарын қамтиды.*

*Компания бизнесті әртараптандыру аясында өз қызметінің басым бағыты ретінде мұнай химиясын дамытуды жалғастыруда. Өткен жылдың соңында жылына 500 мың тоннаға дейін полипропилен өндіретін KPI газ-химия зауыт кешенінің негізгі құрылысы аяқталып, Теңіз кен орнынан пропанның алғашқы партиясын қабылдап алды.*

*2021 жылғы қарашада ҚМГ газ тасымалдау және маркетингі жөніндегі бизнес бағытын елдің газ саласын үдемелі дамыту үшін негізгі акционері «Самұрық-Қазына» АҚ-ға берді.*

*«ҚазМұнайГаз» алдағы уақытта да әлеуметтік және экологиялық жауапты компания бола отырып, осы бағыттағы бірқатар жобаны іске асыруды жалғастырады. Атап айтқанда, Қаражанбас кен орны мен Кендірлі кентіндегі су тұщыту зауыттары, «Астрахань-Маңғышлақ» су құбырын реконструкциялау, Атырау қаласының қоршаған орта жағдайын жақсартуға бағытталған TAZALYQ жобасы. «Жасыл» технологияларды дамыту саласында ҚМГ 2021 жылы Eni, Shell, Total, Air Liquide және Linde сияқты ірі халықаралық компаниялармен бірқатар келісім жасады».*

### Мұнай тасымалдау
мың тонна

| | 2021 (100%) | 2021 (ҚМГ үлесіне) | 2020 (ҚМГ үлесіне) | % |
|---|---|---|---|---|
| ҚазТрансОйл | 41 224 | 41 224 | 42 298 | -2,5% |
| Қазақстан-Қытай құбыры | 17 412 | 8 706 | 7 942 | 9,6% |
| МұнайТас* | 4 273 | 2 179 | 1 694 | 28,7% |
| Каспий құбыр консорциумы | 60 728 | 12 601 | 12 248 | 2,9% |
| Қазақтеңізкөлікфлоты | 9 855 | 9 855 | 8 990 | 9,6% |
| **Жиыны** | - | **74 565** | **73 171** | **1,9%** |

** МұнайТас үлестік әдіспен шоғырландырылатын бірлескен кәсіпорын болып табылады, осыған байланысты тасымалдау көлемі 51% иелену үлесіне сәйкес көрсетілген.*

### PRMS бойынша таза қорлар
(2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша)

| Қор санаты, млн тонна м.э. | 2021 (ҚМГ үлесіне) | 2020 (ҚМГ үлесіне) | % |
|---|---|---|---|
| Дәлелденген (1P) | 477 | 459 | 3,8% |
| Дәлелденген және ықтимал (2P) | 645 | 635 | 1,6% |
| Дәлелденген және ықтимал және қисынды (3P) | 761 | 757 | 0,5% |

| Қор санаты, млн барр. м.э. | 2021 (ҚМГ үлесіне) | 2020 (ҚМГ үлесіне) | % |
|---|---|---|---|
| Дәлелденген (1P) | 3 694 | 3 550 | 4,1% |
| Дәлелденген және ықтимал (2P) | 4 983 | 4 895 | 1,8% |
| Дәлелденген және ықтимал және қисынды (3P) | 5 869 | 5 832 | 0,6% |

# АЛМАҚТЫҢ САЛМАҒЫ БАР

## Кредит алған кезде нені ескеру қажет?

**Қазақстанда соңғы жылдары кредит алушылардың саны айтарлықтай өскен. Олардың тең жартысы кепілсіз берілетін тұтынушылық несие.**

**Ұлттық банктің таратқан ресми мәліметі бойынша, 2021 жылдың соңғы айында банктердің экономиканы кредиттеу көлемі 3,7% ұлғайып, 18 трлн 497,7 млрд теңге болған. Заңды тұлғаларға берілген кредит көлемі бір айда 7 трлн 758,8 млрд теңгеге дейін немесе 3,5%, ал жеке тұлғаларға берілген несие көлемі 10 трлн 738,8 млрд теңгеге дейін немесе 3,8% артқан. Теңгемен берілген кредиттер көлемі бір айда 16 трлн 588,2 млрд теңгеге дейін немесе 3,8% ұлғайды. Оның ішінде заңды тұлғалардікі 3,8%, жеке тұлғалардікі 3,9% өсті. Шетел валютасындағы кредиттер көлемі 1 трлн 909,5 млрд теңгеге дейін немесе 2,6% ұлғайды. Оның ішінде заңды тұлғалардікі 2,6% өссе, жеке тұлғалардікі 0,9% төмендеді. Желтоқсанның соңында теңгемен берілген кредиттердің үлес салмағы 89,7% (2020 жылғы желтоқсанда – 87,0%) болған.**

**Қаржыгер мамандардың айтуынша, қазіргі мәселе – әр адамның кредит алуды, қаржыны тиімді жұмсауды жетік меңгеруі. Бұл аса маңызды. Себебі алмақтың салмағы бар. Алған қарызды қайтару қажет. Ал одан бұрын қарыз алардың алдында оны қалай қайтарамын деген сұрақтарға нақты жауап, жеке қаржылық сараптама керек. Бұл мәселені неге көтеріп отырмыз? Себебі қазір қазақстандықтар арасында шамасына қарамай кредит алатындар көп.**

**Бүгінде көптеген қазақстандық несилерін өтеу мерзімін бұзған. Бұл ақпаратты ҚР Қаржы бірінші вице-министрі Марат Сұлтанғазиев осы жылдың ақпан айында өткен баспасөз мәлихатында айтты. Бұл үлкен мәселенің басы... Егер алған несиені рәсімдеу уақтылы төлей алмасаңыз сіз «қара тізімге» кіресіз. Банктік карта, шоттарыңыз бұғатталады одан басқа кедергілер пайда болады. Былай қараған кезде қалыпты өмір сүруіңіз қиындайды. Жалпыға бірдей түсінік бойынша кредитті төлегеннен гөрі оны алған өте жеңіл, сондықтан да кредитті ресімдеу мәселесін мұқият қарап, асқан байыптылықпен шешу қажет.**

**Осы ретте біз Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің мәліметтеріне сүйене отырып, газет оқырмандарының назарына кредит алардың алдында нені ескеру қажеттігі бойынша ақпарат жиынын ұсынамыз.**

### Өз мүмкіндігіңізді бағалаңыз

Пандемия Қазақстанның әрбір азаматының әдеттегі өмір сүру тәртібіне өз түзетулерін енгізді. Онлайн режимде жұмыс істеу және оқу заманауи техниканы сатып алуға не ауыстыруға мәжбүрлейді. Егер техникалық құрал сатып алуға ақша жетпесе, – бұл проблеманы кредиттің көмегімен шешуге болады, әсіресе, егер бұл өте қажет болса.

Бірақ мұның басқа да маңызды қыры бар, ол – қажеттілік ниеттің өсуіне алып келеді. Бұған сатушылардың және сол сияқты банктердің әр түрлі маркетингтік тәсілдері себепші болады.

Банктер пайызсыз бөліп төлеу және тиімді акциялар бойынша қызмет түрлерін жарнамалайды. Мысалы, 2+1 акциялары бойынша біреуі тегін, кейінгі тауарларға айтарлықтай жеңілдіктер бар дегендей және т.б. Яғни, ол ноутбук сатып алуға келді, алайда микротолқынды пеш пен кір жуғыш машинаны ала кетті, оларды алмаса да болатын еді. Өйткені үйде бар техника әлі жұмыс істеп тұрған және бұдан әрі де жұмыс істей беретін еді.

Тағы бір мысал. Кейбіреулер сатушылардың артық сеніміне немесе жарнаманың ықпалына беріліп, тіпті қымбат тауар моделін сатып алуы мүмкін. Егер сізде қарапайым ноутбук сатып алуға қаражат жетпей тұрса, оның қымбат моделін сатып алу не үшін қажет?

### Кредит бойынша төлем табысыңыздан айтарлықтай аз болуы тиіс

Кредит бойынша берешекті өтеу қиындық сынағына айналмауы және өзіңізді және отбасыңызды спартандық өмір сүру жағдайларына әкелмеуі үшін негізінен ірі кредиттен аулақ болу керек. Атап айтқанда, сіздің бюджетіңіз көтеретін ай сайынғы төлемдер мен кестелерді таңдау керек.

### Кредиттің талаптарын мұқият оқыңыз

Әр банкте кредиттеу талаптары ерекше болады. Сол себепті, бұл маңызды өлшемшарт. Ол бойынша банкті таңдауға болады. Мыналарға назар аударған жөн:

- жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі. Ол төмен болған сайын, жақсы болады;
- кредиттеу мерзімі. Артық төлеу сомасы осыған байланысты;
- өтеу әдісі. Аннуитетті немесе сараланған. Аннуитетті әдіс көп қолданылады, оны банктер де жиі пайдаланады. Алайда, сіз өзіңізге барынша ыңғайлы және тиімді өтеу әдісін талап ете аласыз;
- кез келген кезеңде айыппұлсыз және артық төлеусіз мерзімінен бұрын өтеу мүмкіндігі. Демек, кез келген сәтте ресімделген кредитті жабу мүмкіндігі болуға тиіс. Бұл ретте банкке сіз кредитті нақты пайдаланған уақыт үшін ғана артығымен төлейсіз. Егер бір нәрсе түсініксіз болса, банктің менеджерінен сұраңыз, егер мүмкіндік болса, заңгерден кеңес алыңыз.

### Алған кредитіңізді төлей алмай жатсаңыз, банкке хабарласыңыз

Егер сіз өз міндеттемелеріңізді орындай алмасаңыз, онда кредиторға өтініш беріңіз. Банктен жасырынып жүрудің қажеті жоқ, банк түбінде сізбен байланысқа шығады.




2021 жылғы 1 қазаннан бастап Қазақстанда кредиттік ұйымдардың (банктің немесе микроқаржы ұйымының) қарыз алушы жеке тұлғалардың проблемалық берешегін реттеудің бірыңғай құқықтық режимі қолданылады. Мәселен, кредиторлар төлем мерзімінің кешіктірілуі туралы, ол басталған сәттен бастап 20 күн ішінде қарыз алушыны хабардар етуге міндетті. Хабарламада кредиторлар, сондай-ақ туындаған төлем мерзімін өткізіп алудың нақты көлемін көрсете отырып, төлемдер енгізу қажеттігі туралы азаматтарды хабардар етуге, оларға өздерінің құқығы және кредиттер мен микрокредиттер бойынша өз міндеттемелерін орындамау себептер туралы айтуға тиіс.

*www.fingramota.kz*

Маман пікірі



**Ернар ОРАЗБАЕВ,**
ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті директорының орынбасары:

Несие алмас бұрын, шын мәнінде ол сізге осы алған қарыз ақша қажет пе сол жағын жақсылап ойлану қажет. Несие – ол үлкен жауапкершілік. Сіз қарыз алушы ретінде өз табысыңызды бағалауыңыз керек. Алған қарызды өтеу бойынша ай сайынғы төлемді төлегеннен кейін сізде ағымдағы шығындар мен жеке қажеттіліктерді өтеу үшін қаражат болуы керек. Бұл маңызды. Қарызды қайтару жүйкеге салмақ түсірмеуі шарт. Одан бөлек бізге «қаржы қорын жасау» деген түсінікті қалыптастыру аса маңызды. Өйткені өмірде түрлі жағдайлар болуы мүмкін. Науқастанып немесе уақытша жұмыстан шығып қалу деген сияқты түрлі күтпеген оқиғалар болуы әбден мүмкін. Сол кезде мен жоғарыда айтқан қаржы қорын пайдалана аласыз. Жалпы қауіпсіздік үшін жиналған қаражат сомасы кемінде алты айлық жалақыны құрауы тиіс. Бұл жиналған қаражат сізді тығырықтан шығарып, жаңа мүмкіндіктерге жол ашуға септігін тигізуі мүмкін.

### Кредит алушылардың психологиясы



Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі психология және коучинг саласындағы сарапшылардың пікірін былай топтап береді.

Кредит алу қанағаттанудың жалған сезімін береді. Ақша сізге тез және оңай келген сияқты болады. Сіз қалаған затыңызды жылдам сатып ала аласыз: жаңа гаджет, автомобиль, жылжымайтын мүлік және басқа да артықшылықтар, мақсатқа қол жеткізілді. Сондықтан көп адам кредитті жоспарды орындау мүмкіндігі ретінде қарастырады.

Алайда кредит міндеттерін орындауға жауапсыздықпен қараған кезде, қарыз алушының шамадан тыс қарыздануы, невроз алуы әбден мүмкін.

### Кредиттің алудың жағымды жақтары:

+ Болашақтағы белгісіздіктен қорқуды жояды, өйткені алған қарыз жылдар мен нақты сомаларға бөлінген.
+ Маңыздылық сезімін арттырады.
+ Іс жүзінде тұрақтылық пен ай сайынғы белгілі бір табысқа міндеттейді.
+ Ажырасу процесін болдырмайды. Бірге алған борыш бір-бірінің қасында болуды міндеттейді және кейбір жұптардың пікірінше, оларды біріктіреді.

### Кредиттің алудың жағымсыз жақтары:

– Өз-өзіңмен күрес. Сатып алған зат қуаныш әкелмейді, керісінше наразылық тудырады. Өйткені сізге қарызды әлі ұзақ уақыт төлеуге тура келеді.
– Жұмыстан немесе жұмыс істеу қабілетінен айырылу қорқынышы пайда болады.
– Қиялдағы сән-салтанат пен байлықтың арқасында қарыз шырмауының туындауы.
– Біраз уақыттан кейін «кредиттік қажу» пайда болады, тіпті үрей шабуылы өршуі мүмкін.

### «Барға қанағат ету, қол жетпейтін жаңа нәрсенің артынан қумау»:

Әлемдегі ең бақытты 3 ел тұрғындарының принциптері

World Happiness Report (2018-2020 жылдар) соңғы нұсқасы бойынша, ең бақытты халық – финдер.

Финдер – өте үнемшіл және әлемдегі қаржы жағынан аса сауатты халық. Олардың өзін тәбиелеу тәртібі мықты. Финдер өзінің және өзгенің уақытын ерекше құрметтейді. Тұрғындардың 90%-ға жуығы зейнетақыға қосымша табысты қамтамасыз етуге ұмтыла отырып, бағалы қағаздарға инвестиция салады. Олар аяқ астынан сатып алуды, шамадан тыс кредит алғанды ұнатпайды және қаржыға қатысты әрекеттердің бәрін мұқият жоспарлайды.



Даниялықтар финдер кейінгі бақытты халық. Данияда қаржылық сауаттылықты «жаялықтан» бастап үйретеді. Жаңа туған нәрестелер үшін бірден банктік шот, ал ересейген балалар үшін – банк картасы ашылады және бұл әдетке айналған. Даниялық бақыт пәлсапасы – барға қанағат етуге және қол жетпейтін жаңа нәрсенің артынан қумау прициптеріне негізделген.

«Бақытты» елдер рейтингінде – Швейцария үздік үштікті түйіндейді. Бұл ел әлемдегі жетекші қаржы орталықтарының бірі, оның тұрғындары қарызға батуды ұнатпайды және бюджетті нақты ұстануға дағдыланған. Швейцариялықтардың ұлттық ерекшелігі олардың уәдеге беріктігі, өзін-өзі тәрбиелеудің жоғары деңгейі және ұзақ мерзімді перспективада бюджетті жоспарлап, үнемі ақша жинап, оны көбейтуге тырысуында жатыр. Сондай-ақ олар өз балаларын ерте жастан бастап ақша ресурстары шексіз емес деген түсінікпен тәрбиелейді.

# Қаражанбасмұнай басқарма өкілдігі: Біздің күшіміз – бірлікте

**«Қаражанбасмұнай» АҚ басшылығы еңбек ұжымымен кездесті. Кездесуде өткен жылдың қорытындысы бойынша атқарылған жұмыстар туралы есеп беріліп, алдағы жоспарлар туралы айтылды.**

Отырысқа «Қаражанбасмұнайдың» Бас директоры Ли Тецян, Бас директордың бірінші орынбасары Қуанышбай Нұрғалиев, жергілікті кәсіподақтар төрағалары, сондай-ақ блоктар мен негізгі бөлімшелердің басшылары қатысты.

Пакеттік мәміле аясында 1 шілде күні Қаражанбасмұнай сервистік компанияларды бір үлкен кәсіпорын етіп біріктіріп, жаңа тарихи кезеңге қадам басты. Алайда, өндіріс процесі әлі күнге дейін жалғасып жатқан пандемия салдарынан қалпына келтірілуде.

«Вирус жұқтыру жағдайының артуына байланысты ұңғымаларды жерасты жөндеу топтарының жетіспеушілігі туындады. Жұмысын тоқтатқан ұңғымалар саны артып, өндіру көлемі төмендеді. Бұрынғы деңгейге оралу үшін бұрғылауға күрделі салымдар қысқарды. Өндіру деңгейін көтеру үшін тәуліктік өндіріс жоспары жасақталды. Жедел бақылау шаралары арқасында 2,096 мың тонна мұнай өндірілді», – деп атап өтті компания басшылары.

Алайда компания өндірістік бағдарламаларды сәтті орындады. 1 қыркүйек күні Қаражанбаста 57 миллион тонна мұнай өндірілді. Өндірістік процестерді жетілдіру аясында бу генераторлық паркін жаңартудың 5 жылдық бағдарламасы аяқталды. Ресурстық базаны арттыру үшін кен орнының орталық учаскесін және жағалау аймағын барлау бойынша жұмыстар жүргізілді. Нәтижесінде орталық учаскеде орта Юра дәуіріндегі шөгінділерде жаңа шоғыр табылды. ҚР қорлар жөніндегі мемлекеттік комиссиясы көмірсутек шикізаты қорларын қайта есептеу жөніндегі есепті бекітті.

Мұнайшылар үшін көптен күткен оқиға – №3 Мұнай өндіру цехы ашылды. №1 МӨЦ жұмысшылары үшін операторлық пункт, Бұрғылау және ұңғымаларды жерасты күрделі жөндеу бригадаларына 7 мобильді кешен пайдалануға берілді. Бірқатар өндірістік объектілер күрделі жөндеуден өтті. Оған қоса, кен орнындағы ірі жобалардың бірі – қабат суын тұщыту зауытының құрылысы жалғасуда.



Әлемдегі эпидемиологиялық жағдайға қарамастан, ҚБМ жұмысшылар алдындағы барлық әлеуметтік міндеттерге жауапкершілікпен қарап, барлық қызметкерге уақтылы және толық көлемде сыйақы және басқа да ынталандыру төлемдері жүргізілді. Әсіресе, басшылық пен жұмысшылар арасындағы қарым-қатынас күшейгенін атап өткен жөн. Басқарма өндірістік объектілерге үнемі барып, жұмыс бригадаларымен кездесу өткізеді.

Жастарды оқыту және ынталандыру жұмыстары күшейтілді. Мәселен, жас мамандар Мәскеуде өткен «Нефтяная сова» халықаралық байқауына қатысты. Интеграциядан кейін компания тарихында алғаш рет «Жас маман күні» оқыту жобасы ұйымдастырылды. Оған 100-ден астам жұмысшы қатысты. Сонымен қатар Ш.Есенов атындағы университет студенттерін кен орнында тәжірибеге бағытталған оқыту жобасы сәтті басталды. Екіжақты меморандум аясында ҚБМ жас мамандары университет студенттеріне дәріс беріп, тәжірибелерімен бөлісіп жүр.

Жұмысшылардың әлеуметтік жағдайын жақсарту шаралары жалғасын тауып, өткен жылдың соңында жұмыс беруші мен қызметкерлер арасында 2022-2024 жылдарға арналған жаңа Ұжымдық шартқа қол қойылды. Оған 57 жаңа пункт енгізілді. 2021 жыл ҚМГ компаниялар тобы бойынша экология жылы деп жарияланды. Бұл бойынша мұнаймен ластанған топырақты өңдеу арқылы тарихи ластанған жерлерді қалпына келтіру бойынша ауқымды жұмыс жүргізілді. Сондай-ақ көктемгі сенбілік кезінде Маңғыстау облысының бірқатар әлеуметтік нысандары аумағы мен кен орнына 3000 көшет отырғызылды.

«Өткен жылы ҚБМ-ға 35 жыл толды. Бұл уақыт ішінде мұнайшылардың адал еңбегі мен жүргізілген қарқынды жұмыс арқасында «Қаражанбасмұнай» мұнай саласында өзіндік орны бар ұйымға айналды. Біздің күшіміз – бірлікте», – деді Басқарма өкілдері.

# Қазақтеңізкөлікфлоты өткен жылдың қорытындысын шығарды

**«Қазақтеңізкөлікфлоты» компаниясының бас директоры Айдар Оржановтың қатысуымен есептік жиналыс өтті.**

Жиын барысында өндірістік-экономикалық көрсеткіштерге, инвестициялық жобалардың іске асырылуына, кемелердің қауіпсіз пайдаланылуына, жазатайым оқиғалар мен қоршаған ортаның ластану оқиғаларына жол берілмеуіне, кадрлық және әлеуметтік саясатқа, коронавирустың таралуын алдын алу шараларына баса назар аударылды.

Өткен жылдың қорытындысы бойынша мұнай тасымалдау көлемі 9 855 мың тоннаны құрады. Соның ішінде, Каспий бойынша тасымалданған мұнай көлемі – 537 мың тоннаға, ал ашық теңіздерде – 9 318 мың тоннаға жетті. Ақтау порты арқылы мұнайды ауыстырып тиеу 2 111 мың тоннаны құрады.

Сонымен қатар «North Caspian Operating Company N.V.» жобасы шеңберінде Каспий теңізінің солтүстік бөлігінде орналасқан «Қашаған» кен орнында су түбін тереңдету жұмыстары бойынша «Қазақтеңізкөлікфлоты» өз меншігіндегі «Ырғыз», «Талас», «Ембі» сүйреткіштерін, сондай-ақ «Оазис» жүзбе қонақ үйін пайдалануға берді. Аталмыш науқан мамыр-қараша айларында жүргізілді. 2022 жылы жоба наурызда басталып, осы жылдың тамыз айына дейін жалғаспақшы.

Транскаспий халықаралық көлік маршрутында тасымалданған жиырма футтық эквиваленттегі контейнерлер саны – 17 722 бірлік құрады. Оның ішінде, Ақтау-Баку порттары бойынша 13 153 ЖФЭ, Баку-Ақтау порттары бойынша 4 569 ЖФЭ.

Компанияда өткен жылы бірқатар ірі жобалар қолға алынып, жүзеге асырылды. Атап айтқанда, контейнерлерді таситын MCV «Барыс» кемесіне жаңғырту жұмыстары жүргізілді. Жаңғыртудан өткен кеме наурыз айынан бастап жүктерді Ақтау портынан түрлі бағыттарда тасымалдау кезінде ойдағыдай пайдаланылуда. Каспий өңірінде контейнерлерді таситын кемелерге сұраныстың жоғары болуын ескере отырып, мамандандырылған екінші кемені контейнерлерді таситын кеме түріне жаңғырту жөнінде шешім қабылданды.

Сондай-ақ контейнерлер Түрікменбашы-Баку маршруты бойынша да тасымалданды. Өткен жылдың қыркүйек айында Санкт-Петербург қаласында (Ресей Федерациясы) ҚТКФ және Біріккен кеме жасау корпорациясы кеме жасау және кеме жөндеу саласындағы ынтымақтастық туралы және қараша айында Абу-Даби қаласында ҚТКФ және Abu Dhabi Ports компаниясы арасында мұнай операциялары үшін бірлескен кәсіпорын құру туралы келісімдерге қол қойды.

Жиында тағы бір айтылған мәселе, өткен жылы компанияда мұнайдың төгілу және қоршаған ортаның ластану жағдайлары тіркелмеді. Компанияда жазатайым оқиғалар және қызметкерлердің жарақат алуына әкелген өндірістік кері жағдайлар тіркелмеді.

Қазақтеңізкөлікфлоты қызметкерлері үшін оңтайлы еңбек жағдайларын қалыптастыру, сондай-ақ әлеуметтік-еңбек қатынастарын бір жолға қою мақсатында компанияда материалдық көмек түрлері беріліп, қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерін медициналық сақтандыру жыл сайынғы негізде жүргізілуде.



# Ембілік маман үздік деп танылды

**«Ембімұнайгаз» АҚ ұстанған қағиданың бірі және бастысы мамандарды ұдайы оқыту, олардың кәсіби шеберліктерін шыңдау арқылы компанияны білікті қызметкерлермен толықтыруды өзекті санайды. Бұл орайда компания бойынша мамандарды арнайы оқыту бағдарламасы бекітілген. Аталмыш бағдарлама аясында қызметкерлерді оқыту арқылы дамыту, басқарудың жаңаша тиімді әдістерін тауып, енгізу жақсы жолға қойылған.**

«Ембімұнайгаз» АҚ алғаш 2021 жылы өз қызметкерлерін Халықаралық IOSH бағдарламасы бойынша оқыта бастады. Сол жылы 72 ембілік маман арнайы курстан өтті.

IOSH – еңбекті қорғау және техникалық қауіпсіздік ережелерін дамыту мақсатындағы Еуропадағы іргелі ұйымдардың бірі саналады. Бүгінгі таңда ұйымның құрамында дәріс беретін 33 000 адамның 13 000-ы осы саладағы әлемдегі жоғары білікті мамандар қатарынан. Міне, осындай белгілі ұйымның қолдауымен ұйымдастырылған оқу курсынан ембіліктердің де дәріс алғанын ерекше атап өткен жөн.




Атырау облысы бойынша өзге компаниялардың мамандары да қатысқан курстың қорытындысы бойынша «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының еңбекті қорғау және техникалық қауіпсіздік инженері Ринат Махамбетов 200-ге тарта тыңдаушылардың арасынан «Ең үздік студент» атанды.

Маңғыстау энергетикалық колледжінің, М.Тынышпаев атындағы транспорт және коммуникация академиясының, С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай-газ университетінің түлегі Ринат Махамбетов Ембі кен алаңдарының еңбекті қорғау және техникалық қауіпсіздік саласы бойынша 16 жылға тарта еңбек етіп келеді.

Халықаралық IOSH бағдарламасы әлемдегі үздік жоба. Оның құны да жоғары. Кез-келген адамның қалтасы көтермесі анық. Осы орайда «Ембімұнайгаз» АҚ өз қызметкерлерінің біліктілігін көтеру арқылы олардың бәсекелестік қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік беруі – қызметкерлер үшін жасалған өте маңызды іс. Өз мамандарының біліктілігін арттыруды әркез назарда ұстап келе жатқан компания басшылығына шексіз ризамын, – деген Р.Махамбетов арнайы курстан кейін тыңдаушылардың арасында өткізілген тестік сынақтан жоғары балл алып, «ең үздік студент» деп танылды.

Айта кету керек, тыңдаушылардың білім деңгейін анықтайтын сынақтың қорытындысы IOSH ұйымының бас корпусы орналасқан Ұлыбритания елінде шығарылады.

# Молодые профессионалы

Молодые ребята вчера еще выпускники вузов, сегодня придя в КМГ Инжиниринг, уже вносят важный вклад в развитие ведущих проектов компании. Один из них, Есенболатов Кусман, стал членом команды благодаря программе подготовки узких специалистов KMGE School. Выпускник Satbayev University по специальности «Нефтегазовое дело», Кусман трудится в компании в составе группы экспертов с августа прошлого года, после завершения обучения по KMGE School.

Полугодовая деятельность в компании не осталась незамеченной коллегами. Незаурядные способности молодого специалиста подчеркивает не только непосредственный руководитель Максат Тлешев, но и все окружение.

В настоящее время Кусман принимает активное участие в реализации перспективного для Казахстана проекта по освоению морских месторождений Каламкас-море и Хазар.

Он занимался подсчетом общих капитальных затрат проекта, ведет работу по подбору необходимого оборудования и технологических схем в части обустройства. Кроме того, инженер занимался моделированием технологических трубопроводов и твердотельным моделированием.

В прошлом году мы закончили две фазы (Фаза-2 и Фаза-3), проведя всесторонний скрининг оценки месторождений Каламкас-море и Хазар, в которых мне удалось принять непосредственное участие. В качестве сметчика я провел подсчет общих капитальных затрат реализации морского проекта, а также подбор необходимого технологического оборудования. Всю проделанную работу сформировал в виде отчетов и презентаций для руководства КМГИ, – поделился Кусман.



Инженер признается, что это очень интересный проект, над которым трудилась целая команда профессионалов в составе геологов, разработчиков, буровиков, специалистов по обустройству и экономистов. Поскольку более детальная информация, по понятным причинам, имеет конфиденциальный статус, скажем лишь, что результаты проведенного анализа свидетельствуют о безусловной перспективности освоения вышеназванных месторождений, что требует более детальной оценки предстоящей работы.

Но это не единственное направление деятельности Кусмана в КМГИ, способствующее его профессиональному росту. Он участвовал в технико-экономической оценке блока Курмангазы.

Самый главный талант Кусмана – это его скромность, – так начал нашу беседу наставник молодого человека Максат Тлешев, член группы экспертов КМГИ.

Он очень быстро стал частью проекта и полностью самостоятельно проводил всю необходимую работу. Стремление к знаниям, интеллигентность, исполнительность – все эти качества присутствуют в Кусмане. Он достаточно гибкий в восприятии информации, легко адаптируется под поставленные задачи, при этом обладает высокой трудоспособностью и ответственностью, полностью включаясь в рабочий процесс. А его отличительной чертой считаю наличие мультидисциплинарного взгляда на происходящие вещи, а также всестороннее развитие. Ведь Кусман легко одновременно занимался и вопросами проектирования, расчетами смет, вел инженерные расчеты, работая над программами Unisim, Ansys и Questor, проявив способность к моментальному усвоению новой информации.

Пожелаем молодому инженеру дальнейшего вдохновения и новых интересных проектов.

Мұнайшы хоббиі

# Қазақ ақындарының 100-ден аса өлеңдерін жатқа білетін мұнайшы

**«Қаражанбасмұнай» АҚ-ның бұрғылау және ұңғымаларды жерасты күрделі жөндеу басқармасы өндірістік базасының операторы Сәкен Іздібаев қазақтың танымал ақындары Мұқағали Мақатаев, Төлеген Айбергенов, Мұхтар Шахановтың өлеңдерін жатқа оқиды.**



«Өлеңге деген құштарлығым бала кезден басталды. Қолым қалт етсе, кітап оқитынмын. Жалпы поэзияны жаным сүйеді. Негізі отбасымызбен өнерге жақынбыз. Ағаларым, апаларым домбыра тартып, ән айтады. Мүмкін ол ма менің поэзияға жақын болып өсуіме әсер еткен шығар. Әрине қазіргі мамандығым поэзиямен байланысты емес. Бірақ ол менің өлең оқып, оны хоббиме айналдыруыма еш кедергі келтірген жоқ» - дейді Сәкен Іздібаев.

Өндірістегі қарбалас жұмыс мұнайшының шығармашылық әлемін өзінше аша түскендей. Ол поэзия өмірінің айшықты тұстарының бірі деп санайды. Әріптестері, достары қолқалап өлең оқып бер дейтін кездерде ол аса құштарлықпен жаттаған ақын өлеңдерін бірінен кейін бірін тоқтамай беретін сәттер жиі болады.

Сәкеннің айтуынша, Мұқағали ақын қалам тербеген әр туындысына өзіндік ерекше қолтаңбасын қалдырған. Оның жүрекке қонымды қарапайым поэзиясы қанша ғасыр өтсе де құндылығын жоғалтпайтыны хақ.

«Мұқағалидің ақындық қасиеті мен өлеңдерінің әсерлілігі ешкімдікіне ұқсамайды. Сондықтан маған оның жырларын жаттау қиын емес. Әріптестерім жұмыс арасында өлең оқып беруімді сұрайды. Мен де шалқар шабытқа кеңеліп, жүрекпен жеткізуге тырысамын. Ақиық ақын Мұқағалидың туған жері Қарасазға екі рет барып қайттым. Ерекше күш мені мазалады. 2014 жылы Қарасазға балаларыммен бірге екінші рет барып қайттым. Одан бұрын ақынның жатқан жері Кеңсайдағы ақынның басына барып, құран бағыштадым», – дейді мұнайшы.

Ол Мұқағалидің туған жеріндегі музейге кіріп, ақын мұраларын көзбен көрген. Сәкен осылайша бір мақсатының орындағанын айтады.

Төрт баланың әкесі тіпті ұлдарының біріне мұзбалақ ақынның есімін берген.

# Сквозь волны и ветер

**В Мангистауской области экипаж контейнеровоза «Барыс» признан самым лучшим по итогам прошлого года**

*Материал «SK NEWS»*

Ежегодно по традиции в Национальной морской судоходной компании «Казмортрансфлот» определяют лучший экипаж. По итогам 2021 года лучшим экипажем КМТФ признан экипаж контейнеровоза «Барыс».

Генеральный директор КМТФ Айдар Оржанов поздравил победителей и выразил благодарность и признательность капитанам судна Андрею Лебедеву, Ивану Никитину и морякам за слаженную работу, честный и продуктивный труд.

– Благодаря ответственности, упорству и дисциплине членов экипажей мы достигаем больших успехов. Вы сильные и смелые. Ведь работа моряка требует мужества и терпения. Мы гордимся вами! Огромное спасибо вашим семьям, которые терпеливо ждут и молятся за вас и ваше возвращение домой. Желаю вам крепкого здоровья, семейного счастья. Попутного ветра, семь футов под килем! – отметил Айдар Оржанов.

Контейнеровоз «Барыс» построен по заказу КТМФ на судостроительном заводе «Vard» в Румынии. Судно является одним из трех MCV, которые построены для участия в проекте будущего расширения Тенгизшевройл (ПБР ТШО). Впервые его спустили на воду 12 мая 2017 года в румынском городе Браила. В 2020 году суда НМСК «Казмортрансфлот» успешно и своевременно завершили свои миссии в ПБР ТШО. По завершении контрактного периода в данном проекте в КМТФ приняли решение об оптимальном использовании судна в дальнейшем.

В начале 2021 года в связи с имеющейся налаженной контейнерной линией по маршруту Актау – Баку – Актау в рамках Транскаспийского международного транспортного маршрута (ТМТМ) судно было переоборудовано под контейнеровоз. Напомним, фидерная линия по маршруту Актау – Баку – Актау в рамках ТМТМ была запущена 16 апреля 2019 года и со дня ее запуска по ней перевезено более 40 тысяч контейнеров.

Уже в марте 2021 года из морского порта Актау контейнеровоз «Барыс» вышел в первый рейс в Баку. За время эксплуатации на маршруте Актау – Баку – Актау контейнеровоз «Барыс» совершил 36 круговых рейсов (72 последовательных рейса) и перевез 11 610 контейнеров в ДФЭ.

У судна длиной 113 метров и шириной 21 метр вместимость составляет 165 ДФЭ (двадцатифутовый эквивалент) контейнеров в зависимости от веса каждого контейнера.




## Ни разу не пожалели

Но не благодаря техническим параметрам судна экипаж признали лучшим. В первую очередь дело в личностных качествах всей команды. Стоит отметить, что одна вахта экипажа «Барыс» длится от трех до четырех месяцев, поэтому во время рейса важны не только слаженная работа и профессионализм каждого в отдельности, но и командный дух и настрой. Капитан экипажа «Барыс» Иван Никитин отмечает, что в каждый рейс выходит команда из 12 человек. И что интересно, не все связавшие свою судьбу с морской профессией изначально мечтали здесь работать. В судоходную компанию люди приходили работать по разным причинам, но самое важное, что никто из них ни разу об этом пожалел. Сам Иван Никитин никогда не грезил морями и океанами и тем более не мечтал быть капитаном. В конце 90-х экономическая обстановка в стране была тяжелой и на тот момент профессия моряка в плане заработка стала самой выгодной.

– В то время мой папа погиб и я фактически остался единственным кормильцем в семье. В 2003 году по окончании речного училища в Астрахани пошел работать на судно простым моряком. С 2007 года я перешел на работу в Казахстан, непосредственно в Актау. За это время выполнял различные рейсы, около двух с половиной лет был капитаном на судне «Сункар», которое также было задействовано в проекте ТШО. Сейчас работаю на «Барысе» по маршруту Актау – Баку. У нас очень квалифицированный экипаж, члены которого предварительно прошли собеседование и отбор в КТМФ. Затем на судне с моряками проводились инструктажи и в дальнейшем отрабатывались уже практические навыки, – рассказывает Иван Никитин.

Помимо этого, немало времени уходит на так называемую «притирку» между членами экипажа. Поскольку на контейнеровозе на протяжении долгих месяцев моряки вынуждены видеться с одними и теми же людьми, то на первое место выходят коммуникабельность, готовность сглаживать острые углы и идти на компромисс. И здесь задача капитана создать здоровый морально-психологический климат внутри коллектива экипажа и служебные отношения. От этого зависит очень многое – хорошая работа, наличие дружеских отношений с коллегами.

Иван Никитин в разговоре с нами скромно умолчал о важности своей и Андрея Лебедева персон. Это мы скажем за них. Действительно капитан считается «царем и богом» на судне, потому что несет ответственность абсолютно за все, что происходит у него на борту. Он выполняет большой спектр работы, держит на контроле выполнение обязанностей остальных членов экипажа. Про задачи капитана можно говорить долго и бесконечно. А еще он должен быть внимательным и уметь просчитывать риски. Ведь именно от его знаний и навыков зависит прокладка курса судна, который должен быть рассчитан с особым старанием – дабы избежать ошибок. А Каспийское море, как известно, весьма неспокойное, особенно в зимний период, когда количество штормов увеличивается в разы, а высота волн порой достигает более 5 метров.

– У нас есть спецпрограммы с прогнозами, приходят радиограммы, после анализа этих данных составляется маршрут. Так как у нас сухогруз, то его остойчивость не очень хорошая, поэтому приходится особенно тщательно выбирать курс и, главное, день, когда можно выйти в море. К сожалению, не всегда прогнозы сбываются, поэтому бывало и такое, что нам посреди моря приходилось побороться с ветром и волнами. Но ничего, главное, что экипаж в порядке, а груз в сохранности, – делится Иван Никитин.

Еще одна должность, без обладателя которой даже маленькое суденышко не уйдет в рейс на несколько дней – это судовой кок. Как говорит Иван Никитин, хорошим поваром считается тот, кто из минимального набора продуктов приготовит вкусную и полезную еду. А еще немаловажным качеством кока считается правильный расчет количества запасов продуктов. Иначе команда может остаться голодной! По словам Ивана Никитина, повар на судне в действительности неблагодарная профессия, потому что нагрузка у него как моральная, так и физическая – колоссальные. С раннего утра он на кухне, готовит завтрак для команды, подбирает продукты для обеда и ужина. А еще ведь нужно накормить и ночных вахтенных. Так что он весь день проводит на ногах, а еще должен быть в хорошем расположении духа, иначе борщ получится пересоленным, а котлеты – подгоревшими. Помимо этого, от повара зависят работоспособность и состояние экипажа судна. Каждый член команды должен получать полноценное питание, чтобы иметь силы выполнять свою работу. Ну а если моряк будет себя плохо чувствовать или заболеет, то задача повара – приготовить лечебное питание, которое поможет быстрее восстановить силы. Помимо этого, повар составляет меню с учетом погоды и других факторов, сказывающихся на состоянии экипажа.

И в завершение хочется отметить, наверное, самое главное, что волнует каждого «сухопутного» человека – каким образом экипажу удается справляться с постоянным стрессом? Капитан называет главное чудодейственное средство – крепкий сон. Маршрут Актау – Баку на сегодня – как «трамвайная линия», самый загруженный, и потому не удивительно, что порой команде приходится находиться на дежурстве по несколько дней. Такая работа настолько выматывает, что морякам не до гаджетов, домино и шахмат и тем более занятий спортом. Для них единственный и действенный способ восстановить нервную систему и силы – это хорошо выспаться, ну а потом насладиться вкусной и полезной едой. После этого никакие штормы, волны и длительные вахты не страшны! M



# Гордость страны – нефтедобытчики

**XX век стал уникальным для казахстанской нефтегазовой отрасли. Именно он подарил нам первооткрывателей нефтегазовых месторождений! Один из них – Алексей Никитович Лифаренко.**

*Мейиржан ТУМАНОВ*

Алексей Никитович родился 27 марта 1937 года в селе Значково Запорожской области Украины в семье учителя. После окончания семи классов поступил в Дрогобычский нефтяной техникум по специальности «Эксплуатация нефтяных и газовых скважин». После получения диплома по распоряжению Министерства нефтяной промышленности СССР его направили на работу в город Гурьев (ныне Атырау) в ПО «Казахстаннефть». Отдел кадров направил его на работу в НПУ «Доссор» оператором по добыче нефти и газа по пятому разряду.

В ноябре 1957 года Алексея Никитовича призвали в ряды Советской Армии, он был награжден нагрудным знаком «Отличник Советской Армии», является офицером запаса.

Послужной список нефтяника огромен. В 1960-1965 годах Алексей Лифаренко работал на промыслах Доссор, Карсак «НПУ «Байчунас», нефтепромысле «Кошкар». Трудился и оператором по добыче нефти и газа, начальником цеха перекачки, инженером по технике безопасности, геологом промысла Карсак «НПУ «Байчунас». В 1964 году был награжден нагрудным знаком «100 лет нефтяной и газовой промышленности СССР». А спустя год Алексей Никитович был переведен на работу в НПУ «Узень» оператором по добыче нефти и газа пятого разряда.

– В тот день прием на работу непосредственно проводил легендарный нефтяник Мангистау, Республики Казахстан и всего бывшего СССР Рахмет Утесинов. Я был направлен на работу в ГУ-4 старшим оператором по добыче нефти и газа. На ГУ-2,3,4 и 5 в тот период было установлено такое оборудование как радиальные печи ППН для подогрева парафинистой нефти при откачке из буферной емкости в цех ППН, буферная емкость объемом 50 кубометров, куда поступала жидкость из нефтедобывающих скважин, три насоса НБ-125 для откачки жидкости из буферной емкости и дизель-генератор, который давал энергию для привода насосов в рабочее состояние. Так как своевременно не была подключена система поддержания пластового давления, то некоторые фонтанные скважины прекратили фонтанирование уже в 1966-1967 годах из-за падения пластового давления. После строительства линий электропередач начался перевод скважин на механизированный способ эксплуатации, который был гораздо дороже фонтанного способа добычи нефти. Первый станок качалка СКН-5 был смонтирован на скважине №134 ГУ-12 в 1968 году. Монтажом станка-качалки занималась бригада слесарей под руководством инженера-механика С.Нурмаганбетова, начальника участка М.Саламатова, мастера по добыче нефти и газа В. Савчука и старшего оператора по добыче нефти и газа М. Кожанепесова, – вспоминает Алексей Лифаренко.

С 1965 по 1972 годы Алексей Никитович успел поработать старшим оператором по добыче нефти и газа, сменным помощником заведующего нефтепромыслом №1, мастером по добыче нефти и газа, мастером по капитальному ремонту скважин. До 1 июля 1972 года цех КРС входил в состав НПУ «Узень», а затем было создано управление по повышению нефтеотдачи пластов и капитальному ремонту скважин (УПНП и КРС), куда Алексея Лифаренко перевели мастером по КРС.

В апреле 1970 года нефтяника наградили юбилейной медалью «За доблестный труд». Алексей Лифаренко также был награжден знаком «Победитель социалистического соревнования 1973 года». Впоследствии были такие награды как нагрудные знаки «Ударник 9-ой пятилетки», «Ударник 12-ой пятилетки», медаль «Ветеран труда».

До декабря 1982 года он работал начальником участка КРС и первым начальником цеха КРС, инженером по сложным аварийным работам УПНП и КРС.

Алексей Никитович параллельно получал высшее образование. В 1974 году окончил нефтяной факультет Всесоюзного заочного политехнического института по специальности «Разработка нефтяных и газовых месторождений». Ему была присвоена квалификация «горный инженер».

До июля 1983 года Алексей Никитович работал мастером по капитальному ремонту скважин на УПНП и КРС на месторождении Каражанбас, а затем до 2004 года – в ПУ «Жетыбаймунайгаз» в качестве мастера подземного ремонта скважин, старшего мастера трубной базы цеха ПРС. В 1987 году ему, как инженеру-технологу цеха поддержания пластового давления, была присвоена сначала третья категория, затем вторая, а потом и первая, в которой он проработал вплоть до выхода на пенсию.

С 2004 по 2008 годы нефтяник работал в ТОО «Мунай филд сервис» в качестве ведущего инженера по КРС, был заместителем начальника цеха КРС, начальником ПТО ТОО «Мунай филд сервис».

Общий непрерывный трудовой стаж Алексея Никитовича в нефтегазовой промышленности составляет 53 года и 8 месяцев.

Алексеем Никитовичем за время работы внедрено рационализаторское предложение «Увеличение приемистости нагнетательных скважин путем перфорации в кислотной среде», которое актуально и в нынешнее время.



Десятки грамот, благодарственных писем и медалей заслужил он за все годы работы нефтяником. Спустя годы он продолжает получать награды: почетная грамота «100 лет нефтяной промышленности РК», «40 лет Мангистауской нефти» за вклад в освоение и разработку нефтяного месторождения Жетыбай, юбилейные медали «35 лет мангистауской области» и многие другие.

В канун 24-ой годовщины независимости РК Алексей Никитович был награжден медалью «Енбек ардагер». В 2019 году ему было присвоено звание «Почетный гражданин города Жанаозен». А в канун 30-летия Независимости РК он был награжден юбилейной медалью «30 лет Независимости Республики Казахстан» и благодарственными письмами.

Скоро наш герой отметит свой 85-летний юбилей.

Имя Алексея Лифаренко навсегда вписано золотыми буквами в историю нефтяной промышленности Мангистау. M

# Спорт любить – сильным быть

**Давно известно, что спорт развивает дисциплину и помогает выстраивать дружеские, доброжелательные взаимоотношения в коллективе. Особенно командные игры дают понять, что от отдельного человека зависит общая победа. Хорошо об этом знают работники ТОО «СП CASPI BITUM», в основном молодежь. Все сильные, спортивные, средний возраст здесь – не более 37 лет. К сожалению, эпидемиологическая обстановка в мире внесла свои жесткие коррективы, на два с лишним года пришлось приостановить массовую спортивную активность. Поэтому работники встретили с особым воодушевлением идею проведения спортивно-коммуникационных командных игр, приуроченных к празднованию юбилея независимости страны.**




Недавно заводчане дружно состязались по восьми видам спорта: шахматы, настольный теннис, тоғызқұмалақ, боулинг, перетягивание канатов, мини-футбол, армрестлинг, дартс. Игры проходили очень динамично, наблюдался сильный накал эмоций у игроков в стремлении к победе. В соревнованиях приняли участие порядка 90 работников. Организаторы гибко проработали график игр, чтобы обеспечить максимальное присутствие участников соревнований, главная особенность которых заключалась в том, чтобы объединить коллег из разных подразделений – производственных и административных. Никто заранее не знал, кто на что способен. В обычных производственных буднях они, зачастую даже не видятся. Много было открытий и для коллег, и для самих участников: выявили талантливых шахматистов, игроков в настольный теннис, боулинг.



Помимо традиционных в соревнованиях наград за 1-е, 2-е и 3-и места, которые были присуждены командам «Бірлік», «Желтоқсан» и «БЭМС», соответственно, отмечены номинации на лучшего креативного капитана команды (А. Рамазанов), лучшую «кричалку» (команда «Егемен»), лучшее креативное название команды в честь 30-летия Независимости РК («Тәуелсіздік Қырандары»). В одиночных играх отметили лучшего шахматиста (С.Сыдыков), лучшего игрока в тоғызқұмалақ (А.Тюртинбаев), лучшего игрока в настольный теннис (Н.Кожалаков), лучшего игрока в армрестлинг (Ж.Есбосинов).

Победители награждены дипломами и подарками. Но самым главным призом за 1-е место стал переходящий кубок, который обрел своих достойных владельцев – сборную команду «Бірлік».

Генеральный директор ТОО «СП «CASPI BITUM» Ерболат Кожабаев поздравил участников с победой. Если за такой короткий срок коллеги показали отличные результаты, это говорит о большом потенциале всего коллектива, считает он. Е.Кожабеков заверил, что теперь такие командные игры, станут доброй традицией на заводе. M

# Биыл – Балалар жылы

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен 2022 жыл «Балалар жылы» деп жарияланғаны белгілі.**

«Балаларға ерекше назар аудару керек. Себебі олардың амандығы – мемлекетіміздің жарқын болашағының сенімді кепілі. Сол себепті келесі жылды Балалар жылы деп жариялау керек деп есептеймін. Бұл жылды тек ұрандап немесе мереке түрінде атап өту ғана емес, ең алдымен билік тарапынан денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қамсыздандыру саласында балаларды қорғау мақсатында нақты іс-шаралар жасалуы керек. Өскелең ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық – бұл біздің жалпыұлттық міндетіміз» – деген болатын ҚР Президенті жаңа жылдық үндеуінде.



# Пайдалы мобильді қосымшалар

**Қазіргі кезде ұялы телефондарға орнатылатын мобильді қосымшалар біздің өміріміздегі маңызды функцияларды орындауға зор көмегін тигізуде. Негізі ғаламтор көптеген сайт пен қосымшаларға толы. Цифрлы деректер, ақпарат заманында түрлі пайдалы мобильді қосымшаларды пайдалану аса маңызды. Осы ретте біз газет оқырмандарының назарына ең пайдалы деген мобильді қосымшалар тізімін ұсынамыз.**

**Post.kz** – «Қазпошта» мобильдік қосымшасы, мобильдік операторлардың қызметтерін, коммуналдық қызметтерді төлеуге және Қазпошта бөлімшелерінде кезекті брондауға мүмкіндік береді.

**Авто Виджет** – көп уақытын көлік айдауға жұмсайтын адамдарға арналып жасалынған қосымша. Көлікті басқарып бара жатқанда телефондағы қажет ақпаратты жылдам табуға көмектесетін болады.

**CityBus** – телефонда Citybus қолданбасы бола отырып, өтіп бара жатқан адамдардан қай автобуста қайда баратынын сұрамауға болады. Мобильді қосымша қаладағы қоғамдық көлік қозғалысын бақылауға мүмкіндік береді.

**GYMUP** – жаттығулар күнделігі. Бұл тегін қосымша өзінің физикалық формасын ұстап, үнемі спорттық жаттығулар жасаушыларға арналған.

**Egov.kz** – мобильдік қосымша, тіркеуді «электрондық үкімет» порталы арқылы өтуге болады. Мемлекеттік қызмет алу үшін egov.kz электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) болу керек.

**Learn English Podcasts** – Мобильді қосымша Ұлыбритания елшілігімен арнайы әзірленген ағылшын тілін үйренемін деушілерге жасалған. Әр сабақ 20 минут жалғасады, сабақтар тек ағылшынша өтеді. Тапсырмаларды жеңілдету үшін бұл жерде субтитрлар бар.

**ЛитРес** – бұл тек қана кітаптарды смартфонға немесе планшетке көшіріп алу ғана емес, оған қоса, PDF форматтағы кітаптарды да ашып оқуға мүмкіндік беретін қосымша.

**MAPS.ME** – Оффлайн картасы. Программа кез келген елдің картасын тауып, оны пайдалануға мүмкіндік береді. Сонымен бірге интернет жоқ болса да, өзіңізге қажет жерді іздеп табуға мүмкіндік береді.

**Monefy** – шығын мен кірістерді күнделікті есептеп отыратын пайдалы қосымшалардың бірі. Бұл қосымша түрлі валютада ақша сатып алуға да ыңғайлы.

**DamuMed** – мобильді қосымшаның көмегімен пайдаланушылар қабылдауға жазылып немесе дәрігерді үйге шақыра алады. Қосымшадан жазылған рецептер мен зертханалық зерттеулердің нәтижелерін көруге, аурухана парақтарын көшіріп алуға болады.

**Soyle.kz** – қосымша қазақ тілін үйренуге арналған, пайдаланушыларға 20 сабақ ұсынылған.

**Полиглот** – Бағдарлама ағылшын тілін мүлдем білмейтін адамдарға арналған. Ол ресейлік лингвист маман Дмитрий Петровтың «Тілді 16 сағатта үйрен» бағдарламасы негізінде жасалған. Әрине 16 сағаттан кейін ағылшынша жетік сөйлейсіз деп айта алмаймыз, алайда күнделікті сабақтар сізді мақсатыңызға тез әкеледі.

**VSCO cam** – бұл қосымша 2012 жылдан бері шығарыла бастаған. Дегенмен, ең соңғы нұсқасының қатты жаңартылғаны сонша, оны тіпті өзгеше деуге де болады. Қазіргі кезде аталған қосымша фотоларды өңдеп, жариялауда сервистерінің арасында алда келеді.

**Dropbox** – ғаламторда құжаттарын сақтауды жөн көретін адамдар үшін жасалған. Өз аккаунтыңызға әрқашан смартфоныңыздан кіре алатын боласыз.

**МЕНШІК ИЕСІ:**
«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде есепке қойылып, № 17496-Г куәлігі берілген.

**Мекен-жайымыз:**
010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Д.Қонаев көшесі, 8 үй, 16 қабат, 1617 бөлме.

- Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды.
- «Мұнайлы мекен» газетінде жарияланған материалдар көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарияланған суреттердің сапасына редакция жауап береді.

**Шығарылымды дайындауға қатысқандар:**
Қанат Құлшыманов
Жаңагүл Серікова
Ақсана Джапарова
Диана Қалқамбекова
Айгүл Ертілеуова
Ғалия Қаражанова
Евгения Шаршова
Анна Титенок
Саягүл Жарылқасын
Құралай Абылғазина
Динара Жұмашева
Динара Архарова
Ирина Гаврилова

Байланыс телефоны:
**+7 (7172) 78 91 49**
e-mail: **mm@kmg.kz**
Газет айына 1 рет шығады,
Таралымы 8 000 дана

МЕРДІГЕР:
«Samruk invest group» ЖШС
Нұр-Сұлтан қ-сы, Сарыарқа даңғылы, 41-үй, 476 кеңсе.
Тел.: +7 (7172) 68 00 79

*Газетіміздің электронды нұсқасын осы QR таңбасын басып жүктей аласыздар.*